

## "Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 111-876 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2015 жылы 23 маусымда № 919 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 06-400 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 28.02.2018 № 06-400 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) туралы ереже бекітілсін.

2. Басқарма басшысы осы қаулыны кейіннен ресми және мерзімдік баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және Астана қаласы әкімдігінің интернет – ресурсында жариялаумен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Н.Р. Әлиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді.

**Әкім Ә. Жақсыбеков**

Астана қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 3 маусымдағы  
№ 111-876 қаулысымен  
бекітілді

## **"Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Астана қаласында кәсіпкерлік, өнеркәсіп және сауда саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

10. Басқарманың толық атауы: "Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алғынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Басқарманың миссиясы: Астана қаласында кәсіпкерлік қызметті қолдауды және дамытуды қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

1) өнеркәсіптік өндірістің инфрақұрылымын дамыту;

2) қоғамдық тамақтану орындарында қызмет көрсету деңгейі мен сапасын арттыру;

3) кәсіпкерлік саласында гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;

4) өнеркәсіптік өндірісті әртараптандыру және инфрақұрылым жұмысын үйлестіру;

5) инвестициялық жобаларды іске асыруға мониторинг жүргізу және ықпал ету;

6) индустриялық саясатты іске асыру.

16. Функциялары:

1) Астана қаласының шағын және орта кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту және қолдау көрсету бойынша мониторингті жүзеге асыру;

2) кәсіпкерлікті қорғаудың әкімшілік-құқықтық нормалары мен дамытуды жетілдіру;

3) басым салалары бойынша жобаларды қаржыландыру және несиелендіру мәселелері бойынша банктермен және қаржылық ұйымдармен өзара өрекеттестікті жүзеге асыру;

4) бәсекелес ортанды қалыптастыру;

5) Астана қаласының жүйе қалыптастыруышы кәсіпорындарын қазақстандық қамтуға мониторингі;

6) сауда саласында, оның ішінде көтерме-бөлшек, қоғамдық тамақтану, тұрақты және көшпелі сауда, базарлар қызметі, қызмет және тұрмыстық қызмет көрсету саласында меншік нысанына қарамастан, құзыреті шегінде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

7) тұтынушылар нарығына ауыл шаруашылық өндірушілердің қолжетімділігі үшін қолайлы жағдай жасау;

8) азық-түлік тауарларын өткізушелердің бәсекеге қабілетті ортасын кеңейту (жәрменкелер, коммуналдық сауда объектілерінің санын арттыру);

9) базар инфрақұрылымын дамыту;

**10) Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 02.06.2017 № 111-1154 қаулысымен.**

11) занды тұлғалардың түрлі-түсті және қара металдар сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті бастағандығы немесе тоқтатқандығы туралы хабарламаларды қабылдау;

12) жүзеге асырылып отырған қызмет саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану тәжірибесін талдау және жалпылау, оны жетілдіру бойынша ұсыныстарды өзірлеу, жобалар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға қатысу, оларды Астана қаласы әкімінің (бұдан әрі – әкім) қарауына енгізу;

13) атқарушы биліктің республикалық органдарымен және ұйымдарымен өзара әрекеттестікті жүзеге асыру;

14) отбасылық бизнесті дамыту;

15) Астана қаласын ұдемелі индустримальық дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмыс органы функцияларын жүзеге асыру;

16) Астана қаласы әкімдігінің жаңындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің жұмыс органы функцияларын жүзеге асыру;

17) Астана қаласында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларын орындау;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

19) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

20) ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, бизнес-көшіп келушілердің уақытша тұруға арналған рұқсаттарының қолданылу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтінішхат беру.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 02.06.2017 № 111-1154 қаулысымен.**

17. Құқықтары мен міндеттері;

1) әкімнің қарауына Астана қаласын дамыту мақсаттары мен басымдылықтарын анықтау және оларды мемлекеттік басқару органдарымен орындалуын бақылауды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын және Басқарма құзыретіне кіретін мәселелерді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің сауда, базарлар қызметі, қоғамдық тамақтану, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өндірілу және өткізуі жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеріс жүргізу;

4) мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдар мен олардың басшыларынан, азаматтардан берілген тапсырмаларды орындау үшін қажетті ақпаратты белгіленген тәртіpte сұрату және алу;

5) жергілікті атқарушы биліктің өзге органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

6) ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

7) Басқарма құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіpte мәжілістер шақыру;

8) шағым жасауға, талап-арыз жазу, соттарда талапкер және жауапкер ретінде әрекет ету.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру**

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға, сондай-ақ Басқарма қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйайлар жемқорлыққа қары заңнамасы нормаларын сақтамағаны үшін дербес жауапты болатын Басқарма басшысы жүзеге асырады;

19. Басқарма басшысы әкімнің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) қызметкерлердің белгіленген саны шегінде Басқарманың құрылымы мен штаттық саны бойынша ұсыныстарды ұсынады;

2) Басқарманың құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

3) өз орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының міндеттерін анықтайды және жауапкершілік деңгейін белгілейді;

4) Басқарма қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдардың басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады ;

5) Басқарма қызметкерлеріне, ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдардың басшыларына тәртіптік жазалар қолданады;

6) өз құзыреті шегінде Басқарма қызметкерлері үшін орындауға міндетті бұйрықтар шығарады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Басқарма мүддесін білдіреді;

- 8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде хаттамалар жасауға немесе өкілеттігін өзінің орынбасарына тапсыруға құқылы;
- 9) дербес жауапкершілікті белгілеумен Басқармада сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасайды;
- 10) оның құзыретіне жататын өзге де мәселер бойынша шешім қабылдайды.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Басқарма басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

23. Басқарманы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Басқарма басшысы басқарады.

#### **4. Басқарманың мүлкі**

24. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Басқармаға бекітілген мүлік Астана қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

27. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.